

Хаттама №5

Педагогикалық кеңес отырысының

Күні: 20.07.2026

Өтетін орны: «Амина» бөбекжайы

Қатысқандар: 8

Төрағасы: Мельченко В.А

Хатшысы: Мейремхан М

Күн тәртібі:

1. Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылының қорытындылары». Мақсаты: балабақшаның оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу (менгеруші).
2. №4 педкеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау (тәрбиешілер).
3. Оқу процесінің жылдық қорытындысы (менгеруші).
4. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру (тәрбиешілер).
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау парағы, серуенді бақылау парағы және ұйымдастырылған әрекетті бақылау парағы бойынша жүргізілген бақылауларға талдау жасау (менгеруші Жұмабай С.С.).

1-мәселе бойынша ТЫҢДАЛДЫ: Мельченко В.А-төраға

Менгерушінің «2025-2026 оқу жылының қорытындылары» тақырыбындағы баяндамасын. Оқу жылы бойы атқарылған жұмыстарға толық талдау жасалып, балабақшаның оқу-тәрбие жұмысының жағдайы анықталды, жетістіктер мен кемшіліктер атап өтілді.

ШЕШТІ: 2026-2027 оқу жылының жұмыс бағыттарын осы оқу жылында анықталған кемшіліктерді ескере отырып жоспарлау. Жауапты: менгеруші, әдіскер. Мерзімі: тамыз айы.

2-мәселе бойынша ТЫҢДАЛДЫ: Өмірбек А

Тәрбиешілердің №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есептерін. Экологиялық білім беру бағыты бойынша жоспарланған жұмыстардың толық орындалғаны баяндалды.

ШЕШТІ: №4 педкеңес шешімдерінің орындалуын қанағаттанарлық деп бағалау. Жауапты: тәрбиешілер.

3-мәселе бойынша ТЫҢДАЛДЫ: Мейремхан М

Менгерушінің оқу процесінің жылдық қорытындысы туралы есебін. Балалардың білім, білік, дағды деңгейінің оқу жылы басы мен соңындағы диагностика нәтижелері салыстырмалы түрде ұсынылды, оң нәтижелер атап өтілді.

ШЕШТІ: Оқу процесінің жылдық қорытындысын қанағаттанарлық деп тану. Жауапты: менгеруші.

4-мәселе бойынша ТЫҢДАЛДЫ: Мүтән Б

тәрбиешілердің жаз мезгіліне арналған жылдық жоспарымен таныстыруын. Жазғы сауықтыру науқанының мазмұны, күнделікті серуендер мен ойын-сауық іс-шаралары туралы баяндалды.

ШЕШТІ: Жаз мезгіліне арналған жоспарды бекіту және оны 1 маусымнан бастап іске асыруды бастау. Жауапты: тәрбиешілер. Мерзімі: жазғы кезең.

5-мәселе бойынша ТЫҢДАЛДЫ: Саниязов Е-денешықтыру ағай

Меңгеруші Мельченко В.А -ның мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау парағы, серуенді бақылау парағы және ұйымдастырылған әрекетті бақылау парағы бойынша жүргізілген бақылауларға жасаған талдауын. Бақылау нәтижелері бойынша жалпы жағдай қанағаттанарлық деп бағаланды, жекелеген ескертулер айтылды.

ШЕШТІ: Бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша жұмысты жалғастыру. Жауапты: тәрбиешілер, меңгеруші. Мерзімі: тұрақты.

Төраға:



Хатшы:

